

## НИДЕРЛАНДЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

әлемдегі үздік зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі деп танылды (2020 жылы MCGPI рейтингіде)

Нидерландыдағы халық табысын алмастыру коэффициенті (АК) 80% (орташа табыс деңгейін ескергенде), бұл ЭЫДҰ елдері бойынша 63% орташа АК деңгейінен әлдеқайда жоғары.

Елдегі 66 жастан асқан тұрғындардың кедейлік деңгейі өте төмен және орташа 13,5% ЭОДҰ елдерімен салыстырғанда 3,1%.



Нидерландыда бірізді зейнетақы реформалары кәсіптік жоспарлардың көбіне аралас болуына ықпал етті, яғни DB және DC элементтерін қамтиды.

### МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ AOW (ALGEMENE OUDERDOMSWET)

Зейнетақы AOW – бұл мемлекет жұмыс істейтін тұрғындар (табыстан 17,9%)\* және бюджетке салықтық түсімдер есебінен төлейтін бөлу сипатындағы базалық зейнетақы (PAYG). Нидерландының зейнет жасына толған әрбір тұрғыны базалық зейнетақы алуға құқылы. Базалық зейнетақы сомасы ең төменгі еңбекақы мөлшеріне (TEA)\*\* және ел тұрғынының отбасылық мұқтабына байланысты.

#### Базалық мемлекеттік зейнетақы алу үшін қойылатын талаптар:

- Зейнет жасына толу\*\*\* – 66 жас және 4 ай (2021 жыл);
- AOW бағдарламасы бойынша сақтандырылушы болу.

Жыл	Зейнет жасы	Қызметкердің туған күні
2021	66 лет + 4 месяца	1954 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1955 жылғы 31 тамызға дейін
2022	66 лет + 7 месяцев	1955 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1956 жылғы 31 мамырға дейін
2023	66 лет + 10 месяцев	1956 жылғы 1 маусымнан бастап 1957 жылғы 28 ақпанға дейін
2024	67 лет	1957 жылғы 1 наурыздан бастап 1957 жылғы 31 желтоқсанға дейін

\* Жұмыс беруші қызметкердің еңбекақысынан жарна сомасының бір бөлігін ұстап, Нидерландының салықтық және кедендік әкімшілігіне жарна төлейді;  
 \*\* 2021 жылғы 1 шілдедегі TEA – айына 1701,0 еуро/жылына 20 412 еуро (2021 жылғы 1 қаңтардағы бағам бойынша 516,13 теңгемен айына 878 мың тг/жылына 10,5 млн тг). TEA Нидерландыда жылына екі рет қайта қаралады – 1 қаңтарда және 1 шілдеде;  
 \*\*\* Зейнет жасы заңнамамен күтілетін өмір ұзақтығына байлаулы және қазір еңбек қызметін бастайтындар үшін 71 жасқа дейін ұлғайтылуы мүмкін.

### МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ AOW (ALGEMENE OUDERDOMSWET)

#### БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АЛУҒА ҚҰҚЫҚ:

- Алатын мемлекеттік зейнетақы мөлшері Нидерландыдағы өмірі үшін тұрғын алған зейнетақы құқықтарына байланысты. Сақтандыру жүйесіне қатысқан әр жыл үшін зейнеткерге толық базалық зейнетақыдан 2% есептеледі;
- Толық мемлекеттік зейнетақы осы елде кемінде 50 жыл тұрған және еңбек еткен кезде беріледі;
- Егер тұрғынның бұл елде тұру және еңбек ету кезеңі 50 жылдан кем болса, ол әрбір сақтандырылмаған жыл үшін 2%-дан айырылады, мысалы, шетелде 20 жыл тұру төлемнің 20/50\*100% = 40 %-ға қысқаруын білдіреді.

#### 50 ЖЫЛ ӨТІЛ БОЛҒАН КЕЗДЕГІ ТОЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ:

- ЖҰБАЙЛАР:**
  - Зейнетақы – **TEA-дан 50%** (838,6 € брутто/әрбір зейнеткерге айына 432,8 мың теңге);
  - Демалыс үшін жәрдемақы - 50,8 € брутто/айына 26,2 мың теңге, жылына бір рет мамыр айында төленеді.


- ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АДАМДАР:**
  - Зейнетақы - **70% TEA** (1226,6 € брутто/ айына 633,0 мың теңге);
  - Демалыс үшін жәрдемақы - 71,13 € брутто/айына 36,7 мың теңге, жылына бір рет мамыр айында төленеді.

TEA мөлшері өзгергенде зейнеткерлер үшін базалық зейнетақы мөлшері де қайта қаралады. Зейнетақы мен демалыс үшін жәрдемақы мөлшерлері 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша.

### ТӨЛЕМДЕРІ МЕН ЖАРНАЛАРЫ БЕКІТІЛГЕН КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ


Голландияның зейнетақы жүйесінің екінші деңгейі белгілі бір экономика салаларына немесе компанияларға байланысты кәсіптік зейнетақы жоспарларымен берілген.

#### ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ТИПТЕРІ



- Зейнетақы қорлары белгілі бір компанияға немесе салаға байланысты болуы мүмкін болса да заңнама бойынша олар заң және қаржылық тұрғыдан тәуелсіз болуы және өз қызметін коммерциялық емес ұйым ретінде жүзеге асыруы тиіс. Осылайша, зейнетақы қорлары байланысқан компанияларда қаржылық қиындық туындаған жағдайда үлестес компаниялар ықпалынан қорғалады;
- Кәсіптік зейнетақы жоспарымен қамтамасыз ету – көпшілік сала үшін міндетті. Нидерландыдағы қызметкерлердің 90%-ынан көбі зейнетақы жоспарларына өздерінің жұмыс берушілері арқылы қатысады.

#### ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ



**Зейнетақы келісімі** жұмыс беруші мен қызметкер арасында жасалады және жалпы сыйақы мен төлемдер туралы мәліметті қамтиды. Зейнетақы келісімі зейнетақы жоспарының типі көрсетіледі:


**Төлемдері белгіленген келісім (DB)** - қатысушының карьеры үшін түпкілікті еңбекақы (final pay) немесе орташа еңбекақы (average pay) мөлшеріне негізделген белгілі бір зейнетақы төлеміне құқығы бар;

**Жарналары белгіленген келісім (DC)** – қатысушының жарналар салуға құқығы бар, олар инвестицияланады және нәтижесінде жиналған зейнетақы капиталы қызметкер зейнетке шыққан күні өмір бойғы төлемге айырбасталады. Жарналары белгіленген жоспар мен төлемдері белгіленген жоспар комбинациясын білдіретін жеке аралас зейнетақы жоспарлары әзірлеуге болады.


#### ТӨЛЕМДЕРІ БЕЛГІЛЕНГЕН КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ (DB):

Кәсіптік жоспардың әрбір қатысушысының зейнетақы құқықтары зейнетақы базасына және есептеу коэффициентіне қарай жыл сайын есептеледі. Әрбір нақты жыл үшін есептеу коэффициенттері сол жылдың еңбекақысына қолданылады.

**Төлемдері белгіленген зейнетақы жоспары (DB - Final pay)** – зейнетақы мөлшері зейнетке шығар алдындағы еңбекақы мөлшеріне байланысты. Еңбекақы көтерілген жағдайда, бүкіл зейнетақы ретробелсенді әсермен (кері күшпен) көбейеді. Еңбекақының көбеюі нәтижесінде туындайтын қосымша міндеттемелерді қойып қалатын жұмыс салатын шығын «бұрынғы қызметкер» бойынша шығын ретінде белгілі. Ең жоғарғы есептеу коэффициенті – жылына 1,657%. «DB - Final pay» жоспарлары «бұрынғы қызметкер» бойынша туындайтын қосымша міндеттемелер кесірінен танымал емес.



**Төлемдері белгіленген зейнетақы жоспары (DB - Average pay)** – зейнетақы мөлшері карьера үшін орташа еңбекақы мөлшеріне байланысты. Еңбекақы көбейген жағдайда, алдыңғы кезеңдер үшін зейнетақы міндеттемелері қайта есептелмейді. Ең жоғарғы есептеу коэффициенті – жылына 1,875%. Көп жағдайларда есептеу коэффициенті индексациялануы тиіс, ол көбіне өте төмен немесе тіптен нөл болады.



Зейнетақы міндеттемелерін есептеген кезде келесі мемлекеттік зейнетақы ескеріледі, зейнетақы міндеттемелері зейнетақы базасына қарай қалыптастырылады, ол нақты еңбекақы мен AWO – франшиза арасындағы айырманы білдіреді. Бұл франшиза мемлекеттік зейнетақы (AWO) есебінен зейнетақы міндеттемелері өтелетін еңбекақы төлемінің бөлігін білдіреді.

Мысалы: қызметкердің жылдық еңбекақысы – 50 000 € (25,8 млн теңге). AWO – франшиза 2021 жылы 14 544 € (7,5 млн теңге) болады. Осылайша, бұл қызметкердің зейнетақы базасы – 35 456 € (18,3 млн теңге). Зейнетақы базасы әрі қарай мөлшері зейнетақы төлемінің түріне байланысты есептеу коэффициентіне көбейтіледі.


#### ЖАРНАЛАРЫ БЕЛГІЛЕНГЕН КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ (DC):

Жас санаты	4% кірістілікпен зейнетақы жоспарларының мөлшерлемесі	3% кірістілікпен зейнетақы жоспарларының мөлшерлемесі
21-25	4,4	7,7
25-30	5,4	9,0
30-35	6,0	10,4
35-40	6,6	12,1
40-45	9,8	14,0
45-50	12,0	16,3
50-55	14,6	19,1
55-60	18,0	22,4
60-65	22,4	26,5
65-67	26,9	30,7

Егер зейнетақы жоспары нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша кірістілікті көздейтін болса, жоғарыда көрсетілген жарналар мөлшерлемелерінің орнына 24%-дан аспайтын бекітілген мөлшерлемелер қолданылуы мүмкін.

Қызметкер мен жұмыс берушінің жиынтық базалық жарнасының мөлшері қатысушы жасына байланысты жарна мөлшерлемесін осы жылдың зейнетақы базасына көбейту арқылы анықталады. Сонымен қатар жұмыс беруші тәуекелдерді сақтандыру шығыстары мен әкімшілік шығыстарды өз есебінен төлеуі тиіс. DC типі бойынша зейнетақы жоспарларында алдын ала анықталған 3% және 4% инвестициялық кірістілік кездеседі және мұндай зейнетақы жоспарлары төлемдері белгіленген жоспарларға (DB - Average pay) сәйкес болады.

#### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМELERІ:



### ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨНІМДЕРІ

Голландияның зейнетақы жүйесінің үшінші деңгейі – бұл жеке зейнетақы өнімдері және сақтандыру компаниялары мен банктер ұсынатын зейнетақы жоспарлары. Негізінен, бұл өнімдерді және қызметтерді өз-өзін жұмыспен қамтыған тұлғалар және кәсіптік зейнетақы қорларына қарағанда қызметкерлері пайдаланады. Нидерландының зейнетақы жүйесінің үшінші деңгейі әр деңгейге қоғамдағы ең төменгі деңгейдегі қызметкерлерді қамтиды.

- Бағалы қағаздар, өмірді сақтандыру, депозиттер) сатып алумен/ пайдаланумен қатар жеке тұлғалар:**
  - меншікті зейнетақы резервін құра алады (жеке кәсіпкерлік қызметтен табыстың бір бөлігін жинап), бұл ретте тиісті салықтық жеңілдіктерді пайдалана алады;
  - өмірді сақтандырудың инвестициялық аннуитет өнімдерін сатып алады.